e-mail: kostanaytany@mail.ru www.kostanaytany.kz

Қостанай таңы

Облыстық газет 1922 ж. 25 маусымнан шыға бастады

19 қыркүйек 2018 ж. сәрсенбі №109 (18757)

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ – ҚАСТЕРЛІ ҚАСИЕТ

Біз біріксек – бір баспана!

Қыдырбек ҚИЫСХАНҰЛЫ

Алты баланы бағып-қағып отырған "Күміс алқа" иегері Алтыншаш Байбосынова екі жылдан бері Затобол кентінде біреудің шошаласын жалдап келген еді. Жалғызбасты ана жалғыз бөлмелі лашыққа ай сайын балаларының жәрдемақысынан жырып, 16 мың теңгеден төлеп отырыпты. Қабырғасы жұқа, едені тақтайсыз 20 шаршы метр тар бөлменің, әсіресе, қыстың қатты суығына төтеп бере алмай, жеті адамды біраз қиналтқаны рас. Қанша жерден от жақсаң да, бетіне линолеум төселген сыз жер жыли қоятын ба еді. Оның үстіне, екі студент пен мектеп жасындағы төртеудің киім-кешегі, ас-суынан бөлек, көмір-отын алу Алтыншаш Төлегенқызын әбден титықтатып келді.

Бұл отбасының жағдайы туралы аудандық әкімдік, "Нұр Отан" партиясының өңірдегі филиалы құлағдар болды да. Үй кезегіне алып, дайын баспана бере қоймаса да, балаларының мектепке орналасуына, ара-тұра отын-сумен көмектесіп тұрды. Осы орайда, қайырымды жандардың көп балалы отбасыға ақшалай, материалдық жәрдем беріп отырғанын айта кету керек.

Енді, міне, көп балалы жанұя "Қарекет" қоғамдық қорының көмегімен баспаналы болып отыр. Қасиетті жұма күні Затобол кентінің "Алтын дән" мәдениет үйінде отбасыға пәтердің кілті салтанатты түрде тапсырылды. "1000 теңгеге баспана" атауымен тұңғыш рет қайырымдылық концерті мен жәрмеңке ұйымдастырылып отыр.

Бұдан былай Байбосыновтар Қостанай қаласының Қобыланды батыр даңғылы бойындағы үйде тұратын болады.

– Қуанышымда шек жоқ! "Қарекет" қоғамдық қоры жергілікті жомарт азаматтардың қаржылай қолдауымен бізге баспана алып берді.

2-бет

Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

Баспасөз – 2019

"Қостанай таңы" – сенің газетің

оған 2019 жылға жазылу жүріп жатыр

Газет аптасына үш рет: сейсенбі, сәрсенбі, жұма күндері шығады.

"Қостанай таңы" газетіне жазылу бағасы:

– кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін:

1 жылға – 6800 теңге

6 айға – 3400 теңге.

– жеке оқырмандарға:

1 жылға – 5000 теңге

6 айға – 2500 теңге.

– Ұлы Отан соғысы ардагерлері үшін:

1 жылға – 4800 теңге

6 айға – 2400 теңге.

"Қостанай таңы" газетіне "Қазпошта" бөлімшелерінде және аймақтық "Костанайские новости" газеті редакциясының баспасөз тарату қызметінде жазыла аласыз.

БАС РЕДАКТОР ӘЛЕМІ

Жанұзақ АЯЗБЕКОВ

Ел сөзі

● "Өзін-өзі сақтай білу – ол да өнер. Ғабеңнің айлакерлігін көрдім. Орталық партия қызметкерлеріне қоңырау шалып, ақылдасқан болып отырады. "Әй, келіп, ақылыңды айтып кетсеңші" деп. Ол кеп, мәз боп қайтады, "ақыл айттым" дейді. Ал оның бәрі – жазушы өзі де біліп отырған жағдай. Әкемнің денсаулығына байланысты елге қайтып, мұғалім болып жүргенде Ғабеңнің үлгісімен мектеп директорымен саясат ойнадым. Аудандық білім бөлімінің бастығы – әкем, соның өзінде менің артымда екі адам жүрді. Болашақ ұрпаққа ұзақ қызмет ету үшін өзіңді сақтау керек. Бұл тәсіл айладан, саясаттан туған амал еді. Күресе білу – ақылдың ісі. Кеуде соғу деген оңай, үндемей жүріп, тыңдаған болып жаза білсең – сол күрес деп білдім" (Әкім Тарази).

● Есіңде болсын: ауырлықсыз – жеңілдеу болмайды, жоғалтусыз – табу болмайды, сабырсыз – жеңіс болмайды.

● " Мені бәрі Кеңес өкіметіне берілген адам деп ойлайтын. Бірақ көп дүние ішімде жатты. Сайын, Қалихан, Рамазан да солай болды. Қайда барсақ та, соңымызда тыңшы жүрді. Біліп жүрдік, білмегендей болдық. Қалиханның ауылына барғанда, біздің соңымызға салып қойған адамды, есептеп отырып тауып алдым. Бізбен бірге жүреді, бір дастарқанда отырады. Қалиханға айттым. "Анадан сақтанайық" дедім.

– Осы тактиканы қайдан үйрендіңіздер?

– Табиғи болды. Өзімізді сақтау үшін.... (Әкім Тарази).

● " Қоғам рухани аштықта жүргенін көбіне сезіне бермейді. Оны алдымен сезіп, адамзатты сақтандыратын – қалам иелері. Бір парадокс бар. Қоғам байыған сайын, рухани аш бола түседі. Сондықтан тоқ қоғамда жүріп рухани аштыққа ұшырамас үшін, жазылған һәм әлі жазылмаған рухани қазыналарымызды жойып алмау үшін, асыл сөзді қадірлейік (Ұлықбек Есдәулет).

● Саған сенген адамдардан теріс айналма.

● Өтірік айтып жағынғанша, шыныңды айтып жалын.

● Келегеннің маңдайынан, кеткеннің арқасынан сипа.

● Алдыңа бір қарасаң, артыңа бес қара

● "Хрущев келді де тың жерлерді игеруді бастап, екі миллион өзге ұлттың адамын қазақ даласына әкелді. Олар көп істей алмай қашты. Содан кейін түрмеде жатқан адамдарды әкелді. Солтүстіктегі алты облысты Ресейге қосуға бұйрық дайындап қойған. Екі күннен кейін бұйрыққа қол қоямын деп отырғанда құлады. Біз аман қалдық. Бір бұйрық шығып кеткен болса, не болар еді?.. Қазақты Құдай сақтап қалды. Димаш Ахметұлы келіп, көп дүниенің кілтін тапты. Қазақ тарихы ол кісіге міндетті (Әкім Тарази).

● Бақ – тайғанақ. Бақыт – аумалы. Даңқ – ұшпалау. Абырой – алдамшы. Тек адамдық таза ар ғана – алтын қазық. Кісілігіңді өлгенше соған арқанда.

(Жалғасы бар).

ЦИФРЛЫ ҚАЗАҚСТАН

Қағазбастылықтан құтыламыз

2019 жылы еліміздің медицина саласы толықтай электрондық қызмет көрсету форматына көшеді. Бұл туралы ағымдағы жылдың 17 қыркүйегінде Астанадағы орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте ҚР Денсаулық сақтау вице-министрі О.Әбішев мәлімдеді.

Баспасөз мәслихатында аталған саланы цифрландыру, ақпараттық жүйелерді, мобильді денсаулық сақтау элементтерін енгізу, емдеу жоспарларын диагностикалау және басқару, жасанды интеллект құру және енгізу, ақпараттық және интероперабельділік үшін платформаны жеткізу сияқты сандық мәселелер талқыланды. Вице-министрдің сөзінше, медициналық ақпараттық жүйелерді "қала, аудан орталығы" деңгейінде қамту деңгейі 96,7 пайызды құрады. Ал осы жылдың соңына дейін бұл көрсеткішті 100 пайызға жеткізу жоспарланып отырған көрінеді. Сонымен қатар, О.Әбішев 2017 жылы 14 қыркүйекте ҚР ДСМ мен IBM компаниясы арасында Watson for oncology – жасанды интеллектті енгізу бойынша ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылғандығын ескертті. Оның сөзіне қарағанда, онкология және радиология ҒЗИ базасындағы пилоттық тестілеу кезінде онколог дәрігерлердің қатысуымен 13 нозология түрі бойынша 57 ем жүргізілген. Дәрігерлер жүргізген сауалнама қорытындысы бойынша қатысушылардың 90 пайызы пилоттық тестілеудің тиімділігін көрсеткен. Сонымен қатар, вице-министр электрондық денсаулық паспортының тиімділігі туралы да айтты. Науқас туралы барлық ақпаратты бір репозиторийінде сақтайтын электрондық денсаулық паспорты елдегі медициналық ұйымдарда науқасты қарау және емдеу нәтижелері туралы мәліметтерді қамтиды. Электрондық денсаулық паспортында әр адамның дәрідәрмектерге аллергиялық реакциясы, қарапайым диеталық жағдайға дейінгі барлық мәліметтер сақталады. Сондай-ақ, паспорт арқылы тұқым қуалайтын, яғни хронологиялық ауруларды, дұрыс тамақтану жүйесін, денсаулық сақтаудың барлық қағидасын білуге болады.

ҚР ДСМ баспасөз қызметі.

БІЛІМ

Жаңа аудитория ашылды

Қостанай педагогикалық университетінде профессор, физика-математика ғылымдарының кандидаты Тобыл Дәулетбаев атындағы аудиторияның ашылу рәсімі өтті. Алғаш сөз алған ҚМПУ-нің ректоры Еркін Әбіл профессорды аудиторияның ашылуымен құттықтап, жылы лебізін білдірді.

Ал Тобыл Еслямғалиұлы салтанатты түрде лентасын қиып, аты жазылған тақтайшаны аудитория сыртына ілді. Ол университет басшылығына алғысын білдіріп, студенттерге ағымдағы оқу жылына сәттілік тіледі. Іс-шара барысында, оқу ордасының белсенді жастары ән шырқап, би биледі.

Салтанатты жиын "Мектеп және жоғары оқу орындарында математиканың білім беру мәселелері" атты дөңгелек үстелге ұласты. Онда математикалық білім берудің бүгінгі проблемалары қаралды. Сондай-ақ, жаңартылған бағдарламаның енгізілуіне қатысты мәселелер, математиканы кәсіби бағдарлық оқытудың кейбір мәселелері, білім базасының жаңартылуы, математикалық сауаттылық мәселері талқыланды.

Мектепке дейінгі және жалпы орта білім берудің әдістемелік зерттеудің математика және физика секторларының жетекшісі Бақыткүл Талқанова соңғы үш жылдағы облыстағы математика пәнінің мұғалімдерінің сапалық құрамымен таныстырды.

– Бізде барлық мұғалімдер жоғары санатты. 2015-2016 жылғы оқу жылдарындағы мұғалімдер саны – 1068 болса, қазіргі уақытта 1060-ты құрап отыр. Жаңа оқу бағдарламасына байланысты біліктілікті арттыру курс-тарын оқуда, соның ішінде басым көпшілігі жас мамандар. Қазіргі таңда, жоғары білімді мұғалімдердің саны – 1026, ал соңғы үш жылдағы көрсеткіш

бойынша кәсіби орта білімді 8 мұғалім бар. Жыл сайын жас мамандардың саны артуда. Білім мазмұнын жаңарту аясында бірқатар жұмыстар атқарылды. Жаңартылған оқу базасындағы оқулықтар топпен жұмыс жасауға арналған тапсырмалар көп. Мәселен, бір сыныпта бала санының аз болуына байланысты, топпен жұмыс жасауына мүмкіндік аз. Сондықтан, мен университет басшылығына алдағы уақытта аз оқушымен жұмыс істей алатын мамандар дайындасаңыздар деген ұсыныс білдіргім келеді, – деді Бақыткүл Талқанова.

Оқу орнының басшылығы мен кафедра меңгерушісі болашақта бұл ұсынысты ескеретіндерін жеткізді.

Басқосу барысында облысымыздағы мектеп оқытушылары өздерінің 2018-2019 оқу жылының жұмыс жоспарларымен таныстырды.

Әсел ҚИБАШ.

Біз біріксек – бір баспана!

1-бет

Алғашында осы қуанышты жаңалықты естігенде, көзімдегі жасты тыя алмадым, – деді Алтыншаш Төлегенқызы.

Өңіріміздің бас имамы Бахытбек қажы Тәжімбет сахнада пәтердің кілтін тапсырып тұрған сәтте жергілікті азаматтардың бірі атыжөнін атамауды сұрап, көрімдікке деп теледидар беріп жіберген екен.

Баспана кілті тапсырылған салтанатты шарадан кейін Алтыншаш пен алты баланың жаңа қонысқа кірген қуанышына куә болып келдік. Үлкен адамды қайдам, көздері жәудіреген кішкентай балғындардың өзі мына көрініске сенбей отырғанын аңғару қиын емес. Бұрынғыдай пеш жағам, су тасыймын деген жоқ, бәрі аядай үйдің ішінде. Отанасы дастарқан жайып, жаңа қоныста алғаш рет астың батасы берілді.

Айта кетейік, "Қарекет" қоры көп балалы мұқтаж отбасыларын баспанамен қамту қайырымдылық шарасын өңіріміздегі осымен екінші рет ұйымдастырып отыр. Алғашқысы өткен жазда Әулиекөл ауданындағы жанұяны үйлі еткен шара көптің есінде болар. Байбосыновтар қордың көмегімен баспаналы болған 31-ші отбасы.

– Байбосыновтардың жанайқайы туралы алғашқылардың бірі болып мәселе көтерген республикалық "Астана" телеарнасының өңіріміздегі тілшілер қосыны әрі осы науқанның басқасында жүрген Заңғар Санай екенін айта кеткен жөн. Ал қорымызға қаржылай демеу жасаған аймағымыздың Айтжан Есенгелдинов, Нұркелген Өтеулин бастаған қалталы азаматтарына, жұмысымыздың ілгері басуына мұрындық болған ерікті қызжігіттерге алғысымыз шексіз. Бұдан әрі де мұндай игі бастама әлі жалғасын таба береді, – дейді қордың облысымыздағы өкілі Әсия Иманғалиева.

100 ЖАҢА ЕСІМ

2-ші кезең басталды

Нұрканат ҚҰЛАБАЕВ

Қостанай облысында «Қазақстанның 100 жаңа есімі» республикалық жобасының 2-ші кезеңі басталды. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз жиынында облыстық Қазақстан халқы ассамблеясы төрағасының орынбасары Бибігүл Аққожина айтты. Биылғы жобаға жасы 18-ге толған, өзі еңбек етіп келе жатқан салада елеулі табысқа жеткен, еліміздің, өңірдің дамуына нақты үлес қосқан азаматтар қатыса алады. Биылғы үміткерлер жобаға белгілі бір ұйым, мекеменің атынан ұсынылады. «100 жаңа есім» жобасының екінші кезеңінде жастарға басымдық беріледі. Үміткерлер жобаға қатысу үшін облыстық Ассамблеяның сайтына немесе кеңсесіне келіп өтінім бере алады. «Грин» азаматтық альянсының директоры Динара Өтебаева үміткерлерге өтініш ресімдеуге көмектесе алатынын айтты. – Үкіметтік емес ұйымдарға, салалық кәсіподақтарға,еңбек ұжымдарына айтарым, үміткерлікке келесі кезеңдерде облысымыздың жарқын келбеті мен жеткен жетістіктерін республика халқына танытып, көрсете алатындай лайықты тұлғаны таңдаңыздар, – дейді ол. Осылайша, биылғы жобаға көпшілік үлгі алуға лайық, жастарды туған жерге адалдық рухында тәрбиелеуге, еңбек культін қалыптастыруға ықпал ете алатын, өңірдің түрлі салада қол жеткізген табыстары мен жетістіктерінің жарқын үлгісі ретінде танылған тұлғалар қатыспақ.

ЖАСТАР ІСІ

Грант - 4 миллион теңге!

Мұрат ЖҮНІСҰЛЫ

Дүниежүзілік банк пен ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Zhasproject» жастар корпусын дамыту жобасы жүзеге асырылуда.

Жобаның мақсаты – жастардың бастамаларына қолдау көрсетіп, олардың идеяларын 1 миллион теңгеге дейін гранттармен қаржыландыру. Грантқа қол жеткізуде жұмыссыз және әлеуметтік осал жастарға басымдылық берілді.

Осы орайда, Арқалық қаласынан 4 жоба аталған грантқа ие болды. Атап айтар болсақ, Гүлжаз Қайырбекова, Жансая Бөлтірік, Батыржан Мырзамсейтов, Нұрислам Әбдісалықтың бағы жанды.

– Бұл жастарымызға деген үлкен көмек. Әр жоба жетекшілерінің қасында 2 көмекшілері бар. Жобаны 3 адам бірлесе атқарады. Әр топтағы 3 адамға жоба аясында 6 ай бойы шәкіртақы төленеді.

Егер, жобадағы адамдардың орта білімі болса – 40 мың, жоғары білімі үшін – 60 мың теңге стипендия алады, – дейді қалалық «Жастар ресурстық орталығы» КММ директоры Аманкелді Ахметжанов.

Арқалық қаласы.

КӘСІПКЕ ҚОЛДАУ

Германия тәжірибесі кәсіпте пайдалы

Әлібек ЫБЫРАЙ

Кәсібін кеңейткен қостанайлық алты кәсіпкер биыл «Іскер байланыс» жобасына қатысуға бел буып отыр. Олардың барлығы жаңа байланыс орнатып, сырттан серіктес табу мақсатында шетелден тегін тәжірибеден өтуге мүмкіндігі бар. Бұл жоба «Бизнестің жол картасы-2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асып отыр.

– Жоба екі кезеңнен тұрады. Бірінші кезең – сала бойынша оқыту, екінші кезең – іскерлік байланысты орнату үшін шетелден тәжірибеден өтуді көздейді. Облыста мұндай мүмкіндікке төрт адам ие болып отыр, – дейді ӨКП қаржылай емес қолдау көрсету бөлімінің бастығы Роберт Юсупов.

Мәселен, Алексей Колосков барлық мүмкіндіктерді сарқа пайдалануды үйренген. Соңғы жыл ішінде ол «Бастау», Бизнес-Кеңесші», «Іскерлік байланыс» жобаларына қатысты.

– Мен ішкі істер қызметінің зейнеткерімін. Зейнетке 2017 жылдың желтоқсанында шықтым. Үйде отырмай отбасы бизнесін құруды жөн санадым. Бұрын кәсіппен айналысып көрмегем, сондықтан мемлекет қаржыландырып отырған түрлі курстарға қатыса бастадым. Мен оқуды жақсы көремін. «Іскер байланыс» жобасының бізге тигізер пайдасы зор. Өйткені, компаниямыз жүк тасымалымен айналысады, біз шетелге шығуды жоспарлап отырмыз. Осы ретте, көздеген бағытымыз – Германия. Бір жағы сол мемлекетте тәжірибе алмасамыз, – дейді кәсіпкер.

Айта кетейік, «Іскерлік байланыс» жобасына қатысу үшін кәсіпорын шағын немесе орта бизнес субъектісі мәртебесіне ие болуы керек. Ал қатысушы қызметі кәсіпорын бастығы орынбасарынан төмен болмауы тиіс немесе орта буын жетекшісі болуы абзал.

ТУҒАН ЖЕР

Ел ықыласына бөленді

Н.Ахметбеков атындағы мәдениет үйінде "Жомарт жүрек" форумы өтті.

Шара барысында аудан басшысы Шота Сәбитбекұлы ауданымыздың көркейюіне үлес қосып, әлеуметтік нысандардың бой көтеруіне белсене араласқан ел азаматтарына Торғай халқының атынан алғыс білдіріп, алғаш рет өтіп отырған форумның ашылу салтанатымен құттықтады. Сонымен қатар, "Атамекен" кіші бағдарламасының "Жомарт жүрек" жобасы аясында "Жыл меценаты" номинациясы бойынша Сапар Ысқақов, Абай Мұқанов, Берік Бейсенғалиев, Қасым Жүнісов, Балғабай Қабжанов, Ермек Ахметбековті марапаттады. Ауданымыздың 90 жылдық мерейтойына тарту жасап, туған жердің өркендеп дамуына атсалысып жатқан әр жылғы туған ел азаматтары өздеріне лайықты бағаларын алды. Еңбектері елеусіз қалған жоқ. "Туған өлке", "Жыл тұлғасы", Жылдың үздік ұйымы", "Ерен еріктілік" аталымдарына ие болды.

Марапаттау рәсімінен кейін аудандық мәдениет үйінің әншілері кеш көркін әнмен қыздырды.

Байбатыр АХМЕТБЕКОВ, Жанкелдин ауданы.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Электр шамдары еселенуде

Мұрат ЖҮНІСҰЛЫ

Ағымдағы жылы «Арқалық қаласы әкімдігінің тұрғын үй-құрылыс коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы» ММ мен Астана қаласындағы «Sk Stroy Group» ЖШС "Қаланың электр желілеріне техникалық қызмет көрсету және көше жарықтарын жабдықтау" бойынша келісім-шарт жасасқан болатын. Игерілуі тиіс қаржының жалпы көлемі 7450000 теңге.

– Бұл мемлекеттік сатып алу заңы шеңберінде тендер арқылы жүзеге асып жатқан шаруа. Екі жақты келісімге сай қаланың Ғ.Қайырбеков көшесінде 59 көше фонарьлары (Теміржол вокзалынан Е.Әуелбеков көшесіне дейін) заманауи диодты жарық бергіштермен ауыстырылды.

Қазіргі таңда серіктестік мамандары қаланың Абай даңғылы бойына қосымша 20 бірлік баған және диодты жарықшамдар орнату жұмыстарын жүргізуде. Жұмыстың талапқа сай орындалуын қадағалап отырмыз, – дейді тапсырыс беруші мемлекеттік мекеменің сектор меңгерушісі Гүлжанат Дүйсенова.

Суретте: Монтаждау жұмыстары
Суретті түсірген автор Арқалық қаласы.

Қазір қару алып соғысқаннан, қалам алып тайталасу қызып тұр. Журналистика жай жаңалық жаршысы емес, саяси фигураға айналғалы қай заман. Әлемдік аренадағы алпауыт мемлекеттер өзінің зор әлеуетін көрсету үшін әуелі бұқаралық ақпарат құралдарына жүгінеді. Өз нысанасын ақпарат нөпірі арқылы жаулап алуды көздейді. Сондықтан, қорғану үшін де ақпарат қалқаның мықты болуы шарт. Осы тақылеттес мәселелерге журналист, "Айқын" республикалық қоғамдық-саяси газетінің бас редакторы Нұртөре Жүсіп жауап берді.

Нұртөре ЖҮСІП,
"Айқын" республикалық қоғамдық-саяси газетінің бас редакторы:

"Біз, бүгінгі ұрпақ, қазақтың өткені мен келешегін жалғайтын буынбыз"

– Аға, қазір журналистер көрінген дүниені жазып жүр. Тізбектеп тауыспаймыз, анығы – ұсақталып бара жатқанымыз жасырын емес. Осы орайда сіздің жуырдағы "ақпарат алаңындағы негативті азайту керек" деген пікіріңіз еске түседі. Қоғам қызу талқылады. Жақтағандар да, жақтырмағандар да болды. Жалпы, бұл ұсыныстың мәнінде не жатыр?

– Журналистиканың міндеті ауыр, жұртшылықты жаңалықпен қарық қылып, қоғамды дұрыс жаққа бағыттауы керек, адамзатқа пайдалы болғаны абзалырақ. Бірақ, рейтинг деген нәрсе бар. Бұл күндері кімнің көрермені көп, соның беделі биік. Мысалы, Қазақстанның түкпір-түкпірін толық қамтитын – "Қазақстан" ұлттық арнасы, ал жаңағы рейтингке қарасаңыз, Астанадағы немесе Алматыдағы бір кабельдік арна одан жоғары тұрады. Сонда бұл қаншалықты әділ дүние? Әрине, бұны сапалы контентпен, ел қарайтын жақсы жаңалықпен жасауға болады, десек те арзан әдісті қолданатындар төбе көрсетіп қалады.

Мен сол сөзімде тек теледидардың жұмысын ғана емес, жалпы халықтың қамын, денсаулығын, бас амандығын ойлау керектігін айтқым келген. Мысалы, Қазақстан суицидтен әлем бойынша алдыңғы қатарда келеді. Жастар қыршын кетіп жатыр. Өзі ат төбеліндей аз халықпыз. Ал оған не әсер етіп отыр деп ойласаңыз, бірінші кезекте, өрт алды, су басты, ананы өлтірді, мынаны тонады, апат болды деген сықылды суық хабарлар. Оған қоса, әлемдік ақпарат та біздің әлеуметтік желіні жаулап алды. Сонда онсыз да тығырыққа тіреліп, жүйкесі жұқарып жүрген адамға бұл қосымша соққы болады емес пе. Мені солардың обалына қалып отырған жоқпыз ба деген ой мазалайды. Айта берсек көп, тіпті, бұдан да сорақылары өріп жүр. Біржыныстылар, кісі өлтіргіштер, педофилдер, жан-жануармен жыныстық қатынасқа түсетіндер, соның бәрін жариялап не таппақ? Соны пайдалы деп ойлай ма бұлар? Әрине, сырттан келіп жатқан саяси шабуыл деп те қарауға болады. Бәз біреулер қазақ халқының болашағы бұлыңғыр болғанын қалайтын шығар.

Осы сөзімді кейбіреулер әлеуметтік желіде сан-саққа жүгіртті, баспасөз бостандығына қарсылық немесе бұрынғы цензураны көксеушілік деп түсінді. Бәлкім, біреулердің жанды жеріне тиіп кеткен болармын. Дұрыс, сөз еркіндігі, пікір алуандығы қала бермек. Кім не айтады, не жазады оған Қазақстан заңнамасында рұқсат етілген. Десек те, шегі болу керек қой.

Қазір еліміздің жетістігі, табысы мол, шүкір. Әлуемет аяғынан тұрып келеді. Жұрт еңбекке ұмтылып, жақсы өмір сүруге, өзгеден кем қалмауға тырысып-ақ жатыр. Бұл қуанарлық нәрсе. Ал соны қаралы хабармен күйіттеп, жұрттың еңсесін түсіргеннен не ұтамыз? Осынау факторды неге назардан тыс қалдырамыз? Қазақ "жақсы сөз жан семіртеді" дейді, ал жаман сөз қайтпек? Ол жанды аздырады ғой. Сол себепті, қазіргі журналистика салиқалы, сындарлы бағытқа көшуі тиіс. Азаматтарға зияны тимегені жөн. Әрине, мен тосын хабарларды айтпаңдар деп отырғаным жоқ. Олай дей алмаймын, өйткені өзім де журналиспін, бәрін түсінемін.

Айталық, бізде кешегі Құрбан айттағы қойдың қанын немесе жол апаты болса, адамның қанын ашық көрсете береді. Мысалы, Түркияда ондайды көрсетуге заңменен тыйым салынған. Теледидардан темекіні де көрсетуге рұқсат жоқ. Тіпті, осы заң шыққанға дейін түсірілген түрік киноларындағы темекіні көрерменнен жасырып қойды. Неге? Себебі, "халық темекіге әуес болмасын, қып-қызыл қанға бойы үйренбесін" дейді. Ал солар бізден кем өмір сүріп жатыр ма? Міне, біз әуелі ұлт денсаулығын ойлауымыз керек. Жалпы, БАҚ деген – ұлтты тәрбиелейтін, бағыт-бағдар беретін құрал. Идеологиялық міндетті мойнына алып отырған сала. Сондықтан, телеарна, баспасөз, сайт басшылары бір мезет ойланғандары жөн.

Сенсация қуудың төңірегінде тағы бір сауатсыздық жүреді. Қолдағы ақпараттың рас-өтірігін ажыратпай жатып, жариялай беретіні бар бүгінгілердің. Мәселен, қандайда бір қылмысқа қатысы бар күдікті қолға түссе, күдікті емес, "қылмыскер ұсталды" деп жазады. Айналайын-ау, ол әлі күдікті ғой. Сот кінәсін анықтап берген соң "қылмыскер" деп жаз, мейлі. Былайша айтсақ, журналист әлі жазықсыз адамға жала жауып отыр. Оған қоса, "қылмыскер осындай ұлт өкілі" деп жазады. Қылмыскерде ұлт болмайды, қалқам. Оның ұлтын жазып керегі не? Араға іріткі салу ғой бұл деген. Сондықтан, қаперге ала жүретін мәселе жетерлік.

– Елге танымал бір ағамыз: "Шынымен, Қазақстанда журналистика төртінші билік саналады, бірақ орыс журналистикасы ғана" деген. Бұл сөз қазақтілді тілшілердің шымбайына батқаны рас, дегенмен, кейде келісуге де тура келеді. Өйткені, біраз атқамінердің әуелі солардың сауалына иіліп тұратындығын көріп жүрміз...

– Біз енді-енді ес жиып, тәуелсіздіктің уығын бекітіп жатырмыз. Бірақ, өз басым бұлайша бөлуге қарсымын. Қазақстан журналистикасы деп алу керек. Қазақстанда орыс журналистикасы деген әңгіме жоқ. Орыс журналистикасы Ресейде ғана бар. Иә, біз отарланған елміз, сондықтан орыс тілінің тұрмысымызға қалай енгенін жақсы білеміз. Қазір заман құбылып барады. Мәселен, ертең елімізде ағылышын тіліндегі немесе басқа да тілдегі басылымдар мен телеарналар жарық көреді делік. Сонда біз ағылшын журналистикасы, орыс журналистикасы, италян журналистикасы, қытай журналистикасы деп айтып отырамыз ба? Жоқ. Мемлекет біреу. Қазақтың мемлекеті біреу болған соң оның ақпараттық саясаты да біреу болуы керек.

Елбасының "100 нақты қадам" Ұлт жоспарында ақпарат саласына қатысты айтқан сөзі бар: "Қазақстанның ақпарат кеңістігі заман талаптарына сай алға жылжып отыруы керек".

Енді, 2025 жылға дейін Қазақстандағы аудандық және қалалық газеттердің негізгі нұсқасы қазақ тілінде шығуы керек, орыс тіліндегі соның қосымшасы болып қалсын. Өйткені, орыстілді басылымдардың жарнамасы көп. Түгелімен жауып тастағысы келетін әріптестер де бар. Менің-ше, пайда әкеліп тұрған нәрсені жабудың қажеті жоқ, тұра берсін. Тек тізгін қазақ тілінде болса жетіп жатыр.

Шымкентте өзбек тілінде шығатын облыстық "Жанубий Қозоғистон" дейтін газет бар. Сол газетіміз Қазақстанда шығып тұрып, қазаққа қарсы біраз материал басты. Бұл қалай сонда? Менің ұсынысым тек орыс тілі емес, өзге тілді газеттерге де қатысты. Басымдық қазақ тілінде, өзбек және орыс тіліндегілер қосымша болып, соның қолтығына кіруі керек. Бұл саясат республикалық деңгейге дейін көтерілсе, Тәуелсіздікті бекітудің ақпарат саласындағы нақты қадамы деп есептеуге болады және Президентіміз айтып отырған ақпараттық ілгерлетуге мейлінше жақын нәрсе деп ойлаймын.

Егер мемлекеттік тілдегі ақпараттық сала өзінің іргесін бекітіп, беделін көтермесе, онда жағдайымыз қиын болады. Өйткені, біз ақпараттық тасқынның астында қалып отырмыз. Әсіресе, солтүстік облыстарда іргеден соғатын ақпарат дауылының қалай ұйытқып тұрғанын жұрт сезіп отыр. Ол үшін жоғарыдағы мен айтқан ұсынысты әуелі оңтүстік және батыстағы ауыл-аймақтарға енгізіп, кейін ақырын солтүстікке көшу керек.

Әрине, мұндай нәрселердің солтүстік аймақтарда, яғни, өзге ұлт өкілдерінің үлес салмағы басым жерлерде орындала қоюы қиын. Дегенмен, болашақтың келбеті осындай болуы тиіс. Қалай болған күннің өзінде мемлекеттік тілге басымдық берілуі керек. Өйткені, Ата заңда қазақ тілі деп бекітілген ғой. Егер соның орнына қарашай тілі, құмық тілі немесе өзге аз ұлттардың тілі бекітілсе, сол тілде жазып-сызуға һәм сөйлеуге міндетті болар едік. Сондықтан, халық Конституция деген заңдардың төресінде жазылған тілде сөйлеуге міндетті.

– Аға, манадан ақпарат ағыны, жалпы журналистика жайлы айтып отырмыз. Енді осы салада арқа еті арша болып, сабылып жүрген жандар туралы әңгіме қозғасақ деймін. Қазір Қазақстандағы тілшілердің саны оның әскерінен көп деген ақпар бар. Санынан сас-

паймыз, ал сапасынан ше?

– Бірде Арман Шораев деген бауырым әлеуметтік желіде журналистика факультеттерін жауып тастау туралы ұсыныс айтқан-ды. Оған қарсы шыққандар да көп. Мен бұл сөзге түбегейлі қарсы бола алмаймын. Жалпы, бұрын тілшілерді Қазақ мемлекеттік университеті мен Қарағанды мемлекеттік университетінде ғана оқытатын. Қазір университет көп. Жеке меншігі де бар. Міне, солар да журналист даярлап жатыр. Бірақ саны көп болғанымен, сапасы қандай деген мәселе бәрібір алдымыздан шығады.

Кезінде Арманның сол ұсынысына орай менен пікір сұрағандарға айтып едім, жұмыс істеп тұрған нәрсені жауып тастау опоңай, оны кейіннен қайтып аша алмайсың. Жарайды, Қазақстандағы барлық журналистика факультетін жауып тасталық. Сонда бізден кейін тілші болмау керек пе? Басты мәселе – жабу емес, білім сапасын жақсарту. Төрт жылдың ішінде студенттерді таза маман ретінде даярлап шығу туралы әңгімені қозғау керек шығар.

Иә, бізге кейде не хабар жаза алмайтын, не тақырып қоя алмайтын студенттер келеді. Егер журналистика факультеті мүлдем болмаса не істемекпіз? Бір ғана мысал, студенттер Қазақстан баспасөзінің тарихын жақсы білгені жөн. Әйтпесе, қазір "Қазақ" газетін кім шығарғанын білмейтін журналистер бар. Олар да қарағайдай дипломын ұстап, журналистпін деп келеді редакцияға. Кінә студенттерде емес, үйрете алмай отқан оқытушыларда.

Екіншіден, оны жазуға ешкім машықтамайды. Егер адам жастайынан жазуға қабілетті болса, кейін басқа салада жүрсе де бәрібір жазуға қайтып келер еді. Ондай мысал жеткілікті. Құрылыста, яки, жол саласында жүріпақ оқтын-оқтын түртіп тұратын, тіпті, кейбір жураналистерден артық жазатындар бар. Бұрын Қызылорда облысында әкім болған, қазір дүниеден озып кетті, Сейілбек Шаухаманов ағамыз көнігі тілшіден кем жазбайтын.

Сол себепті, бұл мамандыққа сөздің парқын түсінетін балаларды тарту керек. Бұрын біз оқыған тұста іріктеу болатын. Шығарма жаздыру арқылы қарым-қабілетімізді, бетпе-бет отырып сұхбаттасудан сауатты сөйлеуіміз бен дауыс екпінімізді байқайтын. Міне, әуел бастан-ақ кімнің қайда ыңғайы бар сонда, яғни, не телевидение, не газет, не радио кафедрасына жіберетін. Қазір қазақ тілі мен әдебиетінен тест тапсырып, екі алмаса жетіп жатыр. Ол жаза ма, жазбай ма бәрібір, журналистикаға қабылдай береді. Сосын оқып жатқан студент көп, ал журналист іздегенде дұрыс жазатын біреуін таппайсың.

Елбасы "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері" атты Жолдауында болашақта көптеген мамандық керек болмай қалатындығын ашық айтты. Міне, қазақ баласы осыны ойлауы керек. Сәл ертеректе бәрі балаларын жаппай заңгер, экономист мамандығына жіберді, ал биыл қарап отырсам, IT-мамандығына өте көп грант бөлінген екен. Енді нөпір сонда ауды. Кімнің қабілеті бар, жоқ, оған көңіл бөліп жатқаны шамалы. Кейін алдағы он жылдың бедерінде сол IT-шылар қазіргі "заңгер" мен "экономисттердің" кебін киіп қалмай ма?

"Серпін" деген жақсы бағдарлама басталды. Ал шәкірттер кейін сол қалада қала ма? Қаламын деп бел шешкен балаға баспана, жұмыс тауып беру керек. Бұл – үлкен саяси мәні бар бағдарлама. Әйтпесе олардың оқуын оқып алып, ауылына қайтып кеткенінен не пайда? Негізгі мақсат – Қазақстанның демографиялық ахуалын дұрыстап алу. Халқы аз облыстардың санын арттыру. Ұлтын, елін, жерін сүйетін жастармен іргені бекіту. Сол себепті, "Серпіннің" бастамасы жақсы, ал жұмыс барысы әлсіз.

– Сөз соңыда бір сұрақ, аға. "Рухани жаңғыру" деп жүргенімізге де жылдан асты. Сіз осы мәселе жөніндегі Ұлттық комиссия мүшесі екеніңізді білеміз. Меніңше, кейде рухани жаңғырудың мәнісін түсінбей, бетімізбен кетіп жататын кездеріміз көп. Не болса соған "Рухани жаңғыру" деп айдар тағып, босқа жалаулататын болдық...

– Ол мақаланы байыптап, зер салып оқыған адам көп нәрсені көреді. Өкінішке қарай, бізде "науқаншылық" деген жаман әдет бар. Сенің айтып отырғаның соған ұрынып қалып жатқанымыздың кесірі ғой. Меніңше, "Рухани жаңғыру" сәл ертеректе көтерілуі тиіс еді. Тәуелсіздіктің елең-алаң уақытында басталып кеткенде біраз нәрсені еншілеп қалар ма едік?! Дегенмен, "ештен кеш жақсы" дейді. Елбасы айтқандай біздің ұлттық кодымыз бар. Ол біздің тарихымыздан, мәдениетімізден, салт-дәстүрімізден бастау алады.

Жер бетінде 8 млрд-қа жақын адам бар делік. Әлемнің түкпір-түкпірінде жүрген қазақты қоса есептейтін болсақ, 14-15 млн-ға жетіп қаламыз. Ал Қазақстанда тұратыны 11 млн. Егер бізді жапон, кәріс, филиппинмен қатар қойса, өзгелер ажырата алмай қалуы әбден мүмкін. Бізді ерекшелеп тұратын: тіліміз, мәдениетіміз, рухани байлығымыз. Мәселен, қазақтың мың мағыналы мақал-мәтелін ағылшын тіліне аударып берсе де өзгелер түсінбейді. Өйткені, олардың ұғымында ондай нәрсе жоқ. Мысалы, "малым – жанымның садақасы, жаным – арымның садақасы". Мен осы мақалды көп шетелдікке аударып беріп ем, олар түсіне алмады, қабылдай алмады. Міне, ұлттық код дегенді Елбасы текке айтып отырған жоқ.

Қазақтың ежелден келе жатқан қалпы, ұлттық ұғымы Тәуелсіз заманда қайта жаңғыруы тиіс. Ол арзан көріністерден құралмауы керек. Мысалы, кезінде "Мәдени мұра" бағдарламасымен көп шаруа атқарылды. Қазақтың мың күйі мен мың әні шықты. Бірақ, сол жобалардың іс жүзінде жүзеге асуы кемшін. Өйткені, Қостанайдың қоғамдық көлігінде немесе көшесінде қазақтың күйі ойнап тұра ма? Жоқ. Ол түгілі, Алматыда ести қоймаймыз. Жарайды, ән мәтіндері біреуге ұнайды, біреуге ұнамас. Ал күйге аудармашының керегі жоқ қой. Қорқыттан бастап Құрманғазы, Секен Тұрысбекке дейінгі күй өнерін асқақтатып, эфирге шығаруға не кедергі? Өйткені, қазір қазақ баласы домбырадан жерінді. Соны Елбасы сезіп, 1 шілдені Домбыра күні етіп жариялады. Өте орынды шешім. Сонымен елді бір қайырып алды десе де болады. Атадан қалған бай мұраны қабылдамасақ, тұтынбасақ ешқандай жаңғырудың өзегі болмайды.

Бұдан кейін қазақтың киелі жерлерінің тізімі жасалды. Бұл да үлкен жұмыс. Сол сияқты осы бағдарламаның ішінде "Туған жер" дегені бар. Қазір жақсы жүріп жатыр. Азаматтар ауылына барып он тал көшет отырғызса да пайдасын тигізеді. Арзан жиындардан осының пайдасы көбірек. "100 жаңа есім" жобасын алайық. Елдің бетке ұстар азаматтарын көрсетіп, жастарды үлгі алуға шақырады. Бұдан бөлек, қазақ әдебиеті мен мәдениетіндегі жауһарларды шет тілдеріне аударып, жұртшылыққа жария ету жөнінде жақсы жобалар қолға алынды. "100 жаңа оқулық" туралы да айтып өткім келеді. Әзірге 18 кітап шықты, соның біреуіне редактор болдым. Болашақта осы мәселелерге көбірек көңіл бөлінсе, бұның қайтарымы мол болады. Батыстың ұлы ойшылдарының, ғылым-білімінің ең үздік кітаптары қазақ тіліне аударылып жатыр. Ғажап емес пе! Қазақ жұрты әлемнің тыныс-тіршілігімен жіті танысады. Ал керек болса, сол кітаптарды түпнұсқадан оқы. Қазақтың балалары қазір үш-төрт тілден біледі.

Үш тіл дегеннен шығады, біз кейде осыны дұрыс түсінбей, негізгі мәселеден ауытқып кетеміз. Елбасының айтуы бекер емес, қазақ көштен қалмауы тиіс. Жылдам дамып жатқан мемлекеттерден қалыспау қажет. Үш тілді біл дегені, мемлекеттік тілді ұмыт дегені емес қой.

Ұлтымыз кезінде кемел бол-ған дала дарыны еді. Сол кемел ұлтқа неше түрлі кесел-кесепат тиді. 1929 жылы Қазақстан бойынша азы 10 мың, көбі 20 мың жылқы біткен, елім-жерім деген, халқым деген 500 байды барынан тәркілеп, бала-шағасымен итжеккенге айдап жіберді. 1932 жылы бай кеткесін мал кетті, мал кеткесін жан кетті. Елді аштық жалмады. 1936-38 жылдардағы репрессияда қазақтың қаймақтары, асыл азаматтары қыршын болды. Одан соң 1941-45-те майданға жіберді. Міне, содан қалған шал-шауқан, бала-шағамен бүгінгі күнге дейін әлсіреп жетіп, көктеп-көгеріп келеді. Осы аралықтарда өткенмен байланыс үзілді. Бар байлығымыздан айырылып қалдық. Ұлттық кодымыз осы тұста бел ортасынан морт сынған. Бірақ, шүкір, қазір қиралаңдап, жаралы арыстандай орнымыздан тұрып келеміз.

Тағдыр бізді таңдады. Біз, бүгінгі ұрпақ, сол ата-бабамыздан үзілейін деп жеткен ұлттық кодты сақтап, дұрыстап, келер ұрпаққа жалғайтын буынбыз. Көпір десе де болады. Осынау ата-баба байлығын келешекке аманат ете алсақ, қазақ бағзы қалпына, рухани кемеліне жетеді.

Сұхбаттасқан
Кенже ҚОНЫСБАЙ.
Қостанай–Алматы–Қостанай.

Денсаулығың өз қолыңда!

Қарлығаш ОСПАНОВА

Облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемалары орталығының мамандары "Қазпошта" АҚ облыстық филиалында акция ұйымдастырды. Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында өткізілген шара аясында қаламыздағы №1 емхана мамандары акцияға қатысушылардың қан қысымын өлшеп, қандағы қант пен холестерин мөлшерін анықтап, тұрғындарға тегін медициналық кеңес берді. Ал, орталық мамандары жиналғандарға ұзақ өмір сүрудің құпиясы туралы, салауатты өмір салтын ұстану мен таңғы жаттығудың да адам денсаулығын нығайтуға зор әсер ететіндігін айтып, салауатты өмірді насихаттаған тегін кітапшаларды таратты.

– Біз бұл акцияны аталмыш мекеме басшылығының өтініші бойынша өткізіп жатырмыз. Бүгінгі шараға тек біздің орталықтың мамандары ғана емес, қаламыздағы №1 емхананың дәрігерлері де жұмылдырылды. Жалпы, күнделікті күйбең тірлікпен емханаға барып, денсаулықты тексертіп тұруға уақыт таппайтынымыз рас. Сондықтан, бүгінгідей шаралардың адам денсаулығы үшін берері мол. Әр мекеме осындай шаралар өткізу туралы ұсыныс жасаса, біздің орталық мамандары қашан да дайын, – дейді орталықтың валеологы Р.Нәукенова.

Жәрмеңкеден қалмаңыз!

Жандос ЖҮСІПБЕК

Бұл туралы ақпаратты Қостанай қалалық әкімдігі таратты.

29 қыркүйек күні 9.00-де Қостанайда қала-аудандардың ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің қатысуымен үлкен көлемді жәрмеңке өтеді. Ол жерде өнімдер нарықтағы бағадан 15-20%-ке төмен болады. Сөрелер қала орталығында ("Қазпошта" маңайы), Жауынгер интернационалистер-Чкалов көшелері қиылысында, КСК шағын ауданындағы "Жастар" бульварына кіреберісте жайылады.

Түнгі сот жұмысын бастайды

Қазақстанда түнгі соттар жұмыс істей бастайды. Қостанай қалалық әкімшілік соты бұл жаңашылдықты енгізуге даярлықты бастап кетті. Бүгінде сот кезекшілігінің кестесі ұйымдастырылып жатыр.

Түнгі соттар жұмысын ұйымдастырудың тиімділігі сол – әкімшілік құқықбұзушылық туралы істерді қарау мерзімін 100-ден 15 күнге дейін қысқартуға мүмкіндік бар. Сондай-ақ, бұл мамандардың айтуынша, азаматтарға да қолайлы. Олар кешкі 18.30-дан 22.00-ге дейін жұмыс істейтін болады.

Дей тұрғанмен, "бейуақыт" сот барлық істі қарамайды, тек екі бап бойынша – көлік жүргізушілерінің жол қозғалысы ережесін бұзуы және мас күйінде рөлге отырып, ЖКО-на тап болушылардың істері өз кінәларын мойындап, залалды өтеуге келіскен жағдайда қаралады.

Жыл сайын Қостанай әкімшілік соты 8 мың істі тергесе, соның 3 мыңдайымен нақ осы екі бап аясында айналысады. Егер аталмыш пилоттық жоба оң нәтиже беріп жатса, таяу келешекте отбасы-тұрмыстық қатынастар шеңберіндегі құқықбұзушылықтар туралы істерді қарауға да араласуы мүмкін.

Қазақ әдебиетінің ырыс-құты

"Елім-ау, бір сен үшін
міндім атқа,
Көзге жем қылмаймыз деп
енді жатқа.
Көтеріп Алаш туын
ұрандадық,
Қарамай шапқан қылыш,
атқан оққа"

–деп елінің болашағы үшін еңіреп өткен қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі – ұлттық сөз өнерінің аса ірі өкілі, ақын, жазушы, публицист, драматург, халқымыздың біртуар перзенті, зұлмат жылдар құрбаны, ел-жұрты ерекше құрметтеп, "Би аға" атанған Бейімбет Майлин 2019 жылы 125 жасқа толады. "Бейімбет Майлин кім?" дегенде туған жері Қостанай, Торғай өңірі емес, исі Алаш жұрты "Би аға" деп білетіні ақиқат.

Әйтсе де, бүгінгі жас ұрпақ Бейімбет Майлин туралы терең біле қоймайтыны шындық. Сондықтан, қысқаша мағлұмат бере кеткеннің артықшылығы жоқ деген ойдамын. Бейімбет Майлин қазіргі Қостанай облысы, Таран ауданы, Ақтөбе елді мекенінде "бұрынғы Торғай облысы, Қостанай уезі, "Дамбар" болысы, Әйет өзенінің бойындағы Шанқан деген жерде дүниеге келген. Алғаш ауыл молдасынан хат танып, кейін Троицк қаласындағы "Уәзифа" мектебін тәмамдап, сосын Қостанайдағы орысша-қазақша мектепте білім алады. Табиғатынан зерек, талапты жас Бейімбетті бұл білімі қанағаттандырмайды. Ол одан әрі оқуды Уфадағы "Ғалия" медресесінде жалғастырып бітіріп шығады. Алғашқы өлеңі – "Мұсылмандық белгісі" "Ғалия" медресесінің жанынан шығатын "Садақ" журналында 1913 жылы жарық көреді. Бейімбет Майлин – "Егемен Қазақстан" (бұрынғы "Еңбекші қазақ") басылымын, алғашқы әдеби журнал "Жұлдызды" (бұрынғы "Әдебиет майданы", одан кейін "Әдебиет және искусство"), қазіргі "Қазақ әдебиеті" газетін алғашқы шығарушылардың бірі. Тұңғыш қазақ көркем киносы "Амангелді" фильмінің сценарийін жазған да – Бейімбет Майлин еді. Жазушы жаңа бағыттағы туындыларымен қазақ әдебиетіне қарама-қайшылыққа толы қуатты дүниелер қосты. Атап айтқанда, оның "Қарашаш", "Азамат Азаматыч", "Ауыл", "Қоңсылар" атты романдары, "Раушан коммунист", "Шұғаның белгісі", "Берен", "Он бес үй", "Тартыс" сынды повестерімен қатар, "Шаншар молда", "Әмеңгер", "Неке қияр", "Пұрткел", "Қос қақпан", "Келін мен шешей" тәрізді жиырма беске тарта пьеса мен "Мырқымбай", "Зәйкүл", "Маржан", "Байдың қызы", "Өтірікке бәйге" секілді оннан аса поэма да жазған.

Бейімбет Майлин шығармаларының өміршеңдігі кейіпкерлерінің сол дәуірге сай әрі шынайы суреттелуінде болса керек. Оның қаламынан туған туындылар қоғамдағы келеңсіз жағдайларды жоюға, жас ұрпақты отаншыл рухта тәрбиелеуге, елі мен жерін сүюге, оған қызмет етуге үндеді.

Бір кереметі, Қазақстан Жазушылар одағын құруда да Бейімбет Майлин өзінің қаламдас достары Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіровтермен бірге атсалысты. Осы үш арыстың еліміздің кең байтақ даласының үш өңірінен келіп, әдебиет деген ұлы мұхитта табысуында, оның арты үлкен сыйластыққа, достыққа ұласуы тағдырдың ісі болатын. Сұңқар сері Сәкен арқадан болса, әңгіменің қара торысы Бейімбет Қостанайдың сары даласынан еді, ал дегдар құлагер ақын Ілияс болса жер жәннаты Жетісудың тумасы-тын. Осыған байланысты қазақтың дүлдүл, суырып салма ақыны Иса Байзақов "Сен – Тобылдың өзенісің, Сәкен – Арқаның асауы, Ілияс – Қоңтажының шыңындағы жартасы", – деп бекер айтпаған ғой.

Сөйтіп, бірге жүрген қазақ әдебиетінің үш алыбының бірі Сәкен Сейфуллинге қаланың аты бұйырды, ал Ілияс Жансүгіровке ауданның аты берілген. Осындай құрметке қазақ әдебиетінің ырыс-құты Бейімбет Майлин де лайық емес пе еді? Еліміздің көк байрағы желбірегелі бері классик жазушымыз Бейімбет Майлиннің 1994 жылы 100 жылдығы, 2004 жылы 110 жылдығы, 2014 жылы 120 жылдығы туған жерінде аталып өтті. Осы мерейтойлардың қарсаңында біраз іс-шаралар атқарылғанымен, оның туған ауданына Бейімбет Майлиннің атын беру мәселесі шешімін таппай келеді. Енді Таран ауданының қазіргі атауына келер болсақ, большевик Лаврентий Игнатьевич Таран атында екені барша жұртқа аян. Ал сол "В.И. Таранның ауданға аты берілетіндей қандай еңбегі сіңді?" дегенде өзіне бекітіліп берілген қызыл отрядымен Қостанай, Торғай өңіріндегі жергілікті қазақтарды қан жылатып, Кеңес үкіметін орнатуға атсалысқан большевик болғанын тарихтан оқып білдік. Иә, "әр заманның өз құрқылтайы болады" демекші, сол кездің солақай саясатының салдарынан Би ағаның туған ауданына Таранның аты беріліп, қазақтың біртуар арда ұлы, классик жазушымыз Бейімбет Майлин ысырылып қалды. Енді осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында арқаны кеңге салмай, мәселені артқа ығыстыра бермей, кешеуілдетпей, кейін қапы қалыппыз демей, 2019 жылы өтетін 125 жылдық торқалы тойының қарсаңында Таран ауданына сол жердің төл тумасы, Алаштың арда ұлы, классик жазушымыз Бейімбет Майлиннің атын беру керек. Сонда ғана әділеттің ақ туы желбіреп, Би ағаның алдындағы парызымызды, қазақ тарихы алдындағы кемшілігімізді өтейміз.

Бұл өзгерісті бүкіл Алаш жұрты тағатсыздана күтіп, қолдап отыр. Бұл мәселеге Қостанай елінің ел-жұрты да түсініспікпен қарап, өз жерлестері қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілі, Қазақстан Жазушылар одағын құрушылардың, қазақ баспасөзінің негізін қалаушылардың бірі, қоғам қайраткері, классик жазушымыз Бейімбет Майлиннің атын беруді қолдайды деп сенемін. Игіліктің ерте, кеші жоқ. Таран ауданына Бейімбет Майлин есімі берілсе, ол біздің тарихқа қайта оралғанымыз, ұлт болашағы үшін шыбын жанын қиған боздақтың рухына деген тағзым, ұлттың рухы мен руханияты үшін сөзсіз үлкен олжа болары анық. Сондықтан, Алаш жұртының арманы Би ағамыздың торқалы тойы қарсаңында күн тәртібінен түспеуі тиіс. Қазақтың дүлдүл ақыны Ғафу Қайырбековтің 1994 жылы Бейімбет Майлиннің 100 жылдық торқалы тойы тұсында Қостанай қаласында орнатылған ескерткішінің түбінде оқыған "Ескерткіш" атты өлеңі есіме түсті. Бірге оқып көрелік:

Тағы оралып тұр, міне,
Бар шабыты бойында.
Сол бір тірі күнінде,
Сол бір жайсаң шағында.
Сол баяғы асыл күй,
Бізге мәңгі мақтаныш.
Кел, әлеумет, басыңды и,
Кел, жолаушы, аттан түс!
Аттан түс те сәлем бер,
Бүкіл қазақ сыйлаған,
Бәрін сүйген кемеңгер,
Алдында тұр Би аған!..

Жұмабек ТАБЫН,
Бейімбет Майлин қоғамдық қорының директоры.
Алматы қаласы.

ЖАСТЫҚ ШАҚТЫҢ ЖАРҚЫЛЫ

Әзіл мен қалжың жарасып...

Қуаныш ЕСҚАБЫЛ

Рудныйдың "Нептун" туристік базасында "ССКӨБ" АҚ қызметкерлері арасында КТК ойындары өтті. Бұл жолы жарасымды әзіл мен қағытпа қалжыңның шеберлерінен құралған жеті команда Жазғы Кубокты сарапқа салды.

Алғашқы кезең "Фристайл", түсінікті тілмен айтсақ, еркін сайыс. Мұнда жастар кез келген тақырыпта өз тапқырлықтарын көрсете алады. Уақыт шектеулі болғанымен ойынның ең максималды 7 ұпайын осы кезеңде алуға болады. Сондықтан болар, командалар сахнаға шығысымен қазылар алқасы мен көрерменнің көңілін аулап, үздік әзілдері мен миниатюраларын ортаға салды. Әсіресе, Фабрикалық кешеннің "Я у мамы инженер" мен Технологиялық жабдықтарды жөндеу басқармасының "Все свои" командаларын халық жылы қабылдады. Дегенмен, халықты күлдіру өз алдына, берілген регламентті сақтау, ойыншылардың киім үлгісі, дикциясы мен сахналық мәдениетін қазылар қаперде ұстады.

